

**«Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің жер қатынастары
бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлық
тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау
ХАТТАМАСЫ**

Явленка ауылы

2025 жыл 24 маусым

Төрағалық етті: Н.М. Бимақанов - Қоғамдық кеңес төрағасының орынбасары.

Өткізу орны: А.Иманов, 78 А мекенжайы бойынша орналасқан, бөлім ғимараты.

Қатысты:

Қоғамдық кеңес мүшесі: Азамат Советұлы Некібаев.

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің мамандары: әдіскер Марина Сергеевна Кривошеева.

КҮН ТӘРТІБІ:

«Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау

ТЫҢДАДЫ:

«Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері туралы ақпарат
(Ә.Ш. Байзақов – жер қатынастары бөлімі басшысының м.а.)

Салалар бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында, «Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі анықтаған, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері талқыланды:

1) талдау объектісінің қызметіне қатысты, нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;


2) талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Мемлекеттік қызмет көрсетудегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, нормативтік құқықтық актілердегі қайшылықтар және т.б. анықталды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері туралы ақпарат талқыланды және назарға алынды.

Қоғамдық талқылау нәтижелері бойынша «Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атына ұсыныстар, ескертулер түскен жоқ.

Қоғамдық кеңес
төрағасының орынбасары



Н.М.Бимақанов

«Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша қорытынды талдамалық анықтама

Кіріспе бөлім:

1. Талдамалық анықтаманың мәні: сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жүргізу үшін негіздеме: «Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» Есіл ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі (бұдан әрі - Бөлім) басшысының 2025 жылғы 16 маусымдағы № 22 бұйрығы.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізілетін объект: Жер қатынастары бөлімі.

4. Жер қатынастары саласындағы нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу.

5. Өткізу мерзімі: 2025 жылғы 17 маусымнан 2025 жылғы 30 маусымға дейін.

6. Ақпараттық-талдау бөлімі:

Талдау «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8 бабы 5 тармағын іске асыру мақсатында және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына (бұдан әрі - Қағидалар) сәйкес жүргізілді.

Жұмыс тобының құрамы және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу тәртібі жер қатынастары бөлімі басшысының 2025 жылғы 16 маусымдағы № 22 бұйрығымен бекітілген.

Бөлімнің сайтында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат орналастырылған, азаматтар бөлім қызметкерлерінің лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдалану фактілері туралы хабарлай алатын, сенім телефоны көрсетілген.

Ішкі талдау объектісі қызметінің талданатын кезеңі 2024 жылғы 01 ақпаннан 2025 жылғы 16 маусымға дейін.

Бөлім, жер қатынастары саласында басшылықты жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

Бөлімде мемлекеттік қызметтер Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 01.10.2020 жылғы 301 бұйрығымен бекітілген Қағидаларға (бұдан әрі - қағидалар) сәйкес көрсетіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс бірінші кезекте ашықтыққа, аайқындыққа, қызмет алуға қолжетімділікке, қызмет көрсету мерзімдері мен сапасын сақтауға бағытталған.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында жер заңнамасында, «Мемлекеттік қызметтер көрсету» бағыты бойынша осы уақытқа дейін шешім таппаған, бірқатар проблемалар анықталды.

1 тәуекел: «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу» мемлекеттік қызмет 2 кезеңде көрсетіледі. Бірінші кезеңді көрсету үшін осы қызмет бойынша өтінішке, тек сұралып отырған жер учаскесінің жоспары (схемасы) ғана қоса беріледі. Көрсетілетін қызметті алушылардан, Қағидаларда көзделмеген, құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Қағидаларға сәйкес жер учаскесіне құқық беру туралы шешім шығару үшін көрсетілетін қызметті алушы жерге орналастыру жобасы бекітілгеннен кейін Электрондық Үкімет порталы арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметтің 2-ші кезеңіне өтінішпен жүгінуге тиіс, оны көрсету мерзімі - 3 жұмыс күні.

Ал, Кодекстің 43 бабы 7 тармағына сәйкес жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган бекітілген жерге орналастыру жобасын бір жұмыс күні ішінде жерге құқық беру туралы шешім қабылдау үшін жергілікті атқарушы органға жібереді. Шешім бекітілген жерге орналастыру жобасы келіп түскен күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде қабылданады, бұдан әрі ауданның, жергілікті атқарушы органның жер учаскелеріне тиісті құқықтарды беру немесе беруден бас тарту туралы шешімінің көшірмесі шешім қабылданған кезден бастап бес жұмыс күні ішінде өтініш берушіге жіберіледі.

Ережеге өзгерістер енгізу арқылы мемлекеттік қызмет көрсетудің 2-ші кезеңін алып тастау ұсынылады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі ережеге сәйкес, қажетті құжаттардың тізбесі мыналарды қамтиды: электрондық түрдегі өтініш және жер учаскесінің орналасу схемасы, Ережеге сәйкес артық құжаттарды талап етуге тыйым салынады, алайда сұралып отырған жер учаскесінің иесін немесе сұралып отырған жер учаскесіне үй иеленуін анықтау үшін, құқық белгілейтін не сәйкестендіру құжаттары қажет, бірақ қажетті құжаттарды алу үшін алушының қызметі туралы мәліметтерді қамтитын бірыңғай ақпараттық жүйе жоқ. Жер учаскесіне қатысты қандай да бір растайтын ақпаратты алу үшін «Мобильді Е-gov» қосымшасын, атап айтқанда, қызмет алушымен тікелей байланыс болып табылатын, үшінші тұлғадан анықтамалар алуды пайдалану ұсынылады (көрсетілетін қызметті беруші смс кодты алу үшін қызмет алушыға телефон арқылы қоңырау шалу қажет, бұл онымен тікелей байланысқа әкеледі).

Осы қызметті көрсету кезінде жер комиссиясының қорытындысына ауылдық округтердің әкімдері электрондық форматта қол қояды, алайда жер комиссиясының төрағасы (аудан әкімінің орынбасары) қағаз жеткізгіште қол қояды.

Бұл жағдайда ауылдық округ әкімі жер комиссиясының қорытындысына қол қоя алмайды, өйткені ол жер комиссиясының отырысына қатыспайды және жер комиссиясының төрағасы болып табылмайды.

Ұсыныстар:

- 1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне хат жолдау.
- 2) Ережеге өзгерістер енгізу арқылы мемлекеттік қызмет көрсетудің 2-ші кезеңін алып тастау ұсынылады.
- 3) Қызмет алушы туралы және сұралып отырған жер учаскесі туралы барлық ақпаратты қамтитын бірыңғай ақпараттық жүйе жасау.
- 4) Жұмысты жақсарту мақсатында МДҚ қайта жасау.

Өткен кезеңде жоғарыда көрсетілген мемлекеттік қызмет бойынша шағымдар түскен жоқ.

2 тәуекел: «Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында көзделген талаптардың жоғары тұрған нормативтік құқықтық актілердің, НҚА коллизиясының нормаларына қайшы келуі.

Қағидаларға сәйкес, қызмет көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қағаз түрінде немесе ЭҮП арқылы электрондық форматта көрсетіледі. Алайда, бұл қызмет бүгінгі күні автоматтандырылмаған. Көрсету мерзімі 3 жұмыс күні.

Кодекстің 47 бабы 3 тармағына сәйкес жеке меншік құқығын беру туралы шешім қабылдау үшін өтінішке: жер учаскесіне сәйкестендіру құжаты немесе құжаттың нотариат куәландырған көшірмесі; салық төлеуші куәлігінің көшірмесі; жер учаскесімен мәміле жасасуға кедергі келтіретін ауыртпалықтардың жоқ екендігі туралы жылжымайтын мүлік орталығынан анықтама; заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама қоса беріледі. Қағидаларға сәйкес өтінішке жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құны актісінің көшірмесі қоса беріледі.

Электрондық форматта қызмет көрсету үшін «Е-Лицензиялау» МДҚ жаңғырту, сондай-ақ қажетті құжаттар тізбесін көрсету бөлігінде кодекске өзгерістер енгізу қажет.

Ұсыныстар:

Қажетті құжаттар тізбесін көрсету бөлігінде Кодекске өзгерістер енгізу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне және Солтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасына хат жолдау.

«Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату» мемлекеттік көрсетілетін қызметін «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу» мемлекеттік көрсетілетін қызметімен біріктіру.

3 тәуекел: Мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында көзделген талаптардың қайшылықтары.

«Жер учаскесін алу үшін кезекке қою» қызметіне қатысты. Қазіргі уақытта Электрондық үкімет порталында «Жеке тұрғын үй құрылысына жер учаскесін (10 сотық жер) алуға кезекті қарау немесе кезекке тұру» қызметі жұмыс істейді. Сонымен қатар, қызмет атауына, оны ұсыну тәсіліне,

нысанына және қызмет көрсету мерзіміне қатысты Ережелерге өзгерістер енгізілмеген.

«Жер учаскесін алу үшін кезекке қою» мемлекеттік қызметін көрсететін ауылдық округтердің әкімдіктері осы қызметтің қызмет берушісі болып табылады, алайда ауылдық округтердің әкімдіктерінде кезекте тұрғандарды анықтау үшін порталға кіру мүмкіндігі жоқ.

Сондай-ақ, Есіл ауданының аумағында жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелері азаматтардың өтініші бойынша, осы жер учаскелерінің болуына байланысты, мемлекеттік қызметтер арқылы беріледі.

«Жер учаскелерін алу үшін кезекте тұрғандардың тізілімінде» ЖМБМК (Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры) порталында ЖТҚ үшін жер учаскелерінің жетіспеушілігі жоқ, алайда ЖМБМК порталында тізілімде кезекте тұрғандардың деректерісіз саны ғана көрсетіледі, атап айтқанда (ЖСН, мекен-жайы, байланыс деректері және т.б. жоқ).

Ұсыныстар:

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне қызмет атауына, оны ұсыну тәсіліне, нысанына және мерзімдеріне қатысты Ережеге өзгеріс енгізу мәселелері бойынша хат жолдау.

ЖТҚ үшін жер учаскелерін алуға кезекте тұрғандардың тізіліміне ЖМБМК (Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры) порталында тиісті түзетулер енгізу, өйткені портал дұрыс жұмыс істемейді, атап айтқанда, кезекте тұрғандардың деректерінің болмауы, осыған байланысты осы қызметті алып тастауды ұсынамыз, өйткені қажеттілік жоқ.

4 тәуекел: «Рұқсат беру функцияларын іске асыру» бағыты бойынша лауазымды тұлғалардың шешімдер қабылдауы немесе өзге де әкімшілік рәсімдерді орындауы үшін негіздердің болмауы немесе белгісіздігі.

Бөлімнің қызметін қозғайтын негізгі нормативтік-құқықтық акт Қазақстан Республикасының Жер кодексі (бұдан әрі - Кодекс) болып табылады.

Бөлімнің негізгі міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес жер учаскелеріне меншік құқығының және жер пайдалану құқығының туындау, өзгеру және тоқтатылу шарттары мен шектерін орындау;

2) жерді ұтымды пайдалану мен қорғауды, топырақтың құнарлылығын молайтуды, табиғи ортаны сақтау мен жақсартуды қамтамасыз ету мақсатында жер қатынастарын реттеу болып табылады;

Жоғарыда айтылғандарға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау барысында жер заңнамасында келесі қайшылықтар анықталды.

Халықтың мұқтажы үшін жайылымдық және шабындық жерлерді беру мәселелері.

ҚР ЖК 36 бабына сәйкес уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығына жер учаскелері Қазақстан Республикасының азаматтарына халықтың малын жаю және шөп шабу үшін 5 жылға дейінгі мерзімге берілуі мүмкін. Әдетте, бұл жер учаскелерін жер пайдаланушылар көп жылдар бойы халықтың ауыл

шаруашылығы жануарларын жаю (жайылымдарды) және жемшөппен қамтамасыз ету үшін (шабындықтармен) пайдаланады. Жер пайдаланушылар көпжылдық шөптерді егу, бұталарды кесу, арамшөптермен күресу және т. б. сияқты, ұтымды пайдалануға бағытталған, тиісті іс-шараларды жүргізеді.

Алайда, ҚР ЖК 36 бабында жерді пайдалану құқығын ұзарту немесе пайдаланылатын жер учаскелерін жаңа мерзімге беру (ҚР ЖК 37 бабына ұқсас) көзделмеген. Осылайша, жер учаскесін адал пайдаланған жер пайдаланушы сол учаскені қайтадан ресімдеуге мәжбүр болады, бұл ретте басқа өтініш берушінің мемлекеттік органдарға жүгіну қаупі бар. Осылайша, бірінші өтініш білдірген, өтініш берушіге жер учаскесі беріледі, бұл халық арасында қақтығысқа әкеледі.

Сонымен қатар, әрбір 5 жыл сайын, бұрын пайдаланылған жер учаскесін жалға алу және ресімдеу мерзімі аяқталғаннан кейін, жер пайдаланушы жерге орналастыру жобасын қайта әзірлеуге тиіс, бұл қаржылық жүктемеге әкеп соғады.

Ұсыныстар:

Қазақстан Республикасы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасына ауыл шаруашылығы жануарларының саны бойынша анықтама бере отырып, уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығын ұзартуды регламенттейтін, ҚР ЖК 36 бабына өзгерістер мәселелері бойынша хат жолдау.

5 тәуекел: «Рұқсат беру функцияларын іске асыру» бағыты бойынша лауазымды тұлғалардың шешімдер қабылдауы немесе өзге де әкімшілік рәсімдерді орындауы үшін негіздердің болмауы немесе белгісіздігі.

Заңнамада шабындық алқаптарды беру нормалары белгіленбеген. Осылайша, жерді алыпсатарлық мақсатында пайдаланатын азаматтарға шабындық беру қаупі бар, яғни жеке ауланың ауыл шаруашылығы жануарларын азықпен қамтамасыз ету үшін емес, шөп сату мақсатында.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 3-3/332 бұйрығымен жайылымдардың жалпы алаңына жүктеменің рұқсат етілген шекті нормалары бекітілген.

Ұсыныстар:

Қазақстан Республикасы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасына шабындық беру кезінде осындай нормаларды белгілеу мәселелері бойынша хат жолдау.

6 тәуекел: 2022 жылдың мамыр айынан бастап Жер учаскесіне уақытша өтеулі (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) жер пайдалану (жалдау) құқығын ұзарту, бұл қызмет мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне енгізілген, алайда бүгінгі күні, «Жер учаскесін жалға алу мерзімін ұзарту» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларының 2 тарауының 6 тармағының 5) тармақшасына сәйкес, жер қатынастары саласындағы уәкілетті орган 1 (бір) жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорацияға жер учаскесінің шекараларының өзгермейтіндігі туралы мәліметтер беру туралы сұрау салу жібереді, бірақ 2 тараудың 6 тармағының 6) тармақшасын Мемлекеттік

корпорация Нұсқаулыққа және осы қызметке бағалардың қолданыстағы преysкурантына сілтеме жасай отырып орындамайды.

Ұсыныстар: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне Мемлекеттік корпорацияның нұсқаулығына мемлекеттік мекемелерге тегін негізде мәліметтер мен өзге де құжаттарды ұсынуды енгізу туралы хат жолдау.


Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша жер қатынастары саласында мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін, шарттары мен мерзімдерін реттейтін заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсынымдар енгізілді.

**Жер қатынастары бөлімі
басшысының м.а.**



Ә.Ш. Байзақов

**Жер қатынастары бөлімінің
әдіскері**



М.С.Кривошеева

**Қоғамдық кеңес
төрағасының орынбасары**



Н.М. Бимақанов